

Көшелерге атау беру және қайта атау туралы

Қызылорда облысы Қазалы ауданы Әйтеке би кенті әкімінің 2020 жылғы 10 қаңтардағы № 11 шешімі. Қызылорда облысының Әділет департаментінде 2020 жылғы 14 қаңтарда № 7211 болып тіркелді

"Қазақстан Республикасының әкімшілік-аумақтық құрылысы туралы" Қазақстан Республикасының 1993 жылғы 8 желтоқсандағы Заңының 14-бабы 4) тармақшасына және Облыстық ономастика комиссиясының 2019 жылғы 19 қыркүйектегі №1 қорытындысына сәйкес Әйтеке би кентінің әкімі ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:

1. Әйтеке би кентінің келесі көшелеріне:

- 1) №2 кварталдағы атауы жоқ көшеге "Бекет Сарқұлов" есімі;
- 2) №2 кварталдағы атауы жоқ көшеге "Құрманбай Баймаханов" есімі;
- 3) №3 кварталдағы атауы жоқ көшеге "Қобылаш Жаймұратов" есімі;
- 4) №4 кварталдағы атауы жоқ көшеге "Тілеп Қорабайұлы" есімі;
- 5) №4 кварталдағы атауы жоқ көшеге "Сырыш Нұрқатов" есімі;
- 6) №6 кварталдағы атауы жоқ көшеге "Жұмамұрат Бекмамбетов" есімі;
- 7) №3 кварталдағы атауы жоқ көшеге "Тұмар ханым" есімі;
- 8) №3 кварталдағы атауы жоқ көшеге "Нурилла ана" есімі берілсін.

2. Әйтеке би кентінің Дәстен Оразымбетов есімімен қайталанатын екінші көше " Айдарбек Табынбаев" есімімен қайта аталсын.

3. Осы шешімнің орындалуын бақылауды өзіме қалдырамын.

4. Осы шешім алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Әйтеке би кентінің әкімі

К. ОРЫНБАСАРОВ